



ЖАҢА 2026 ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Газет 1928 жылдың қыркүйек айынан шыға бастады

Esil-Nura

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, жарнамалық басылым

2025 жыл 25 желтоқсан бейсенбі № 50 (451)

Жұмысшы мамандықтар жылы

САЛА МАМАНДАРЫНА ҚҰРМЕТ

Осы аптаның басында Целиноград ауданында энергетика саласының қызметкерлеріне құрмет көрсетілген игі шара өткізілді



Салтанатты жиынды ашқан аудан әкімі Дарын Сабырғалиұлы өз кезегінде энергетика саласының мамандарын құттықтап, игі тілегін арнады. Оларға өз істерін абыройлы атқарып, жоғары кәсіби шеберліктерін паш етіп жүргені үшін ризашылығын білдірді.

Әкім өз сөзінде энергетиктердің жанқиярлық еңбектерінің арқасында ауыл-селоардың үзіліссіз электр қуатымен қамтамасыз етіліп отырғандығын атап өтті. Осының нәтижесінде аудан тұрғындары жайлылық пен қауіпсіздікті сезініп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жағдай жасалуда.

Осы орайда әсіресе апаттың алдын алатын бригадаларға жылы лебіздер айтылды. Олар кезкелген ауа райында тәулік бойы әрекет етіп, энергетикалық инфрақұрылымы бар нысандардың үзіліссіз жұмыс атқаруын қамтамасыз етуде.

Биылғы Жұмысшы мамандығы жылында қарапайым еңбек адамдарына құрмет көрсетіліп, оның беделін арттыруға баса көңіл бөлінгендігі белгілі. Солардың арасында энергетика саласының өкілдері де бар.

Салтанатты шара барысында саланың үздік қызметкерлері аудан әкімінің Алғыс хаттарымен, төсбелгілермен марапатталды.

Жиын аудан көркемөнерпаздары ұжымдарының концертімен аяқталды.

Р. БЕЛГІБАЙ.



Аудан мәслихатында

КЕЗЕКТІ ЕЛУ АЛТЫНШЫ СЕССИЯ

Өткен аптаның соңында аудан әкімі аппаратының мәжіліс залында Целиноград ауданы мәслихатының кезекті 56-шы сессиясы болып өтті.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізілді:

1. 2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы.

2. 2026-2028 жылдарға арналған ауылдар, ауылдық округтер бюджеттері туралы.

3. 2026 жылға арналған Целиноград ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсету туралы.

Күн тәртібіндегі осы мәселелер бойынша аудандық

экономика және қаржы бөлімі басшысының міндетін атқарушы А.С. Беркеева ақпарат берді.

4. Целиноград аудандық мәслихаты тұрақты комиссияларының атқарылған жұмыс жөнінде есебі туралы.

Бұл жөнінен Целиноград аудандық мәслихатының экономика және бюджет мәселелері бойынша тұрақты комиссиясының төрағасы Г.Г. Сабитова баяндама жасады.

5. Целиноград аудандық мәслихатының кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі мәселелер туралы.

Сессия жұмысына аудан әкімі Д.С. Сабырғали, оның орынбасарлары, депутаттар, бөлім басшылары мен ауылдық округ әкімдері қатысты.

Күн тәртібіне енгізілген барлық мәселелер депутаттардың қолдауына ие болды.

Өз тілшіміз.



ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР, АУДАНЫМЫЗДЫҢ ҚАДІРЛІ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

Сіздерді келе жатқан 2026 Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңа жыл — үміт пен сенімге, жарқын болашаққа деген нық қадамға толы ерекше мереке. Бұл күндері біз өткен жылға көз жүгіртіп, атқарылған істерге баға беріп, алдағы кезеңге мақсат-міндеттерімізді айқындаймыз.

Өтіп бара жатқан жыл Жұмысшы мамандықтар жылы ретінде еңбек адамына деген зор құрметтің, кәсібилік пен жауапкершіліктің символына айналды. Бұл жыл баршамыз үшін өте еңбекке толы, жауапты әрі қарбалас болды. Дегенмен бірлігіміз бен табандылығымыздың арқасында Целиноград ауданы әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақты бағытын сақтап қалды.

Жыл ішінде ауқымды әрі маңызды жұмыстар атқарылды.

16 шағын елді мекенде заманауи балалар мен спорт алаңдары салынып, бүлдірішіндерге шаттық сыйлады.

20 ауылда көшелерге жарық шамдары орнатылып, тұрғындар үшін қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптасты.

Ірі елді мекендерде газдандыру, ауызсу жүйесін дамыту, жол салу және жөндеу жұмыстары жүзеге асырылды.

Сондай-ақ 16 шағын ауылда жаңа дәрігерлік амбулаториялар бой көтеріп, ауыл тұрғындарының сапалы медициналық қызметке қолжетімділігі артты.

Бұл — жасай ғана көрсеткіштер емес, бұл — халықтың тұрмысын жақсартуға бағытталған нақты істердің нәтижесі. Алда әлі де атқаратын жұмыстар мен жүзеге асыратын жоспарлар аз емес.

Келе жатқан 2026 жыл — Білім беру және ғылыми зерттеулер жылы деп жарияланды. Бұл — білім мен ғылымның, инновация мен білікті кадр даярлаудың еліміздің табысты болашағы үшін стратегиялық маңызға ие екенін айқындайды. Ортақ күш-жігеріміздің арқасында білім мен ғылымды, адами капиталды дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашатынымызға сенімдімін.

Целиноград ауданының тұрғындары әрдайым еңбекқорлығымен, белсенділігімен және жоғары кәсібилігімен ерекшеленіп келеді. Алдағы уақытта да сіздер жоспарланған міндеттерді орындап, биік мақсаттарға қол жеткізуге лайықты үлес қосады деп нық сенемін.

Қадірлі жерлестер!

Әр шаңыраққа бейбітшілік пен береке, зор денсаулық, тұрақтылық пен молшылық тілеймін. Жаңа жыл жақсылық пен жарқын өзгерістерге толы болып, жүректеріңізге үміт, үйлеріңізге жылу, ертеңгі күнге сенім әкелсін!

Құрметпен,
Дарын САБЫРҒАЛИҰЛЫ,
Целиноград ауданының әкімі.



БАСПАСӨЗ - 2026



Esil-Nura

ИНДЕКС - 65821

6 айға - 2495.76

12 айға - 4991,52

■ Редакция поштасынан

ЖІГЕР ЖЕҢІСКЕ БАСТАЙДЫ

Ағымдағы жылдың желтоқсан айының басында Елордада кір тасын көтеру спорты бойынша Қазақстан Республикасының кубогы сарапқа салынды. Жасөспірімдер мен ересектер арасындағы сайыс ұзын айналым, жұлқа көтеру және серпе көтеру тәрізді кезеңдерден тұрды.



Аталған дүбірлі додаға Жалғызқұдық ауылының балғын спортшылары да қатысып, жоғары нәтиже көрсетті. Атап айтқанда, 58 келіден жоғары салмақта Истомин Максим жүлделі үшінші орынды иеленді. 38 келіден жоғары салмақта сынға түскен Краус Александра екінші орынды жеңіп алды. Ал Истомина Валерия жұлқа және серпе көтеруде бірінші орынға шығып, екі алтын медаль жеңіп алды.

68 келіден жоғары салмақта Әшімова Медина спорт шеберлігіне кандидат санатында жұлқа көтеру бойынша -1 орынды иеленді. Сондай-ақ серпе көтеру жаттығуы бойынша спорт шебері Смеров Максим мен 78 келіден жоғары салмақта Әшімов Әділбек тұғыр биігіне шығып, алтын медальды мойындарына тақты.

Осы орайда жас спортшыларды жеңіске жігерлендіріп, жаттықтырған бапкер Әшімов Ас-



хат Жанболатұлының еңбегін ерекше атай кеткен жөн.

Жас спортшыларымыздың алар асулары көп болсын!

Марал ФАЗЫЛОВА,
кітапханашы.

Жалғызқұдық.

■ Мемлекеттік қызмет

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯ БАСҚАРМАСЫ ЖАНЫНДАҒЫҢ ЦЕЛИНОГРАД АУДАНЫНЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ СТАНЦИЯСЫ ҢШЖҚ КМК МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ҮШ ТҮРІН КӨРСЕТЕДІ:

1. Ветеринариялық анықтама беру
2. Ветеринариялық паспорт беру
3. Ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)

Ветеринариялық анықтаманы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар (бұдан әрі – мемлекеттік ветеринариялық ұйым) береді.

«Ветеринариялық анықтамалар беру» мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі:

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері: 1) көрсетілетін қызметті беруші;

3. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 1 (бір) жұмыс күні ішінде.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: Ветеринариялық анықтама немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап

6. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері: Тегін.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы;

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүргінген кезде), өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс уақытта қызмет берушімен жұмыс уақытының кестесіне сәйкес белгіленеді. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі: көрсетілетін қызметті берушіге:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген) бекітілген ветеринариялық құжаттарды беру және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы Қағидаларға (бұдан әрі – Қағидалар) 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш (жануардың ветеринариялық паспорты мен жеке нөмірінің болуын, ветеринариялық тексеру нәтижелерін, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы эпизоотиялық жағдайды, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккорда немесе одан үзінді көшірмеде бар жануарлар туралы мәліметтерді негізге ала отырып);

2) балықтарды және басқа да су жануарларын (тірі, жас, салқындатылған, мұздатылған балық, сондай-ақ шаяндар, гаммарус, салина артемиясы (цисталар)) бес килограммнан астам тасымалдау кезінде ауланған жері туралы анықтаманың көшірмесі – «Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 шілдедегі № 304 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14117 болып тіркелген) белгіленген туралы анықтаманың көшірмесі (бұдан әрі – ауланған жері туралы анықтама);

3) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден және үшінші елдерден (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден) әкелінген ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) бақылау объектілерін Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өткізу кезінде-ветеринариялық – санитариялық бақылау және қадағалау объектісі әкелінген ветеринариялық құжаттың көшірмесі;

порталға: Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама не

дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама, Ауыл шаруашылығы жануарының ветеринариялық паспорты туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

«Ветеринариялық паспорт беру» мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі:

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі:

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

1) нысан бойынша өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат және (немесе) көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); Көрсетілетін қызметті берушілер порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік құпиясөзді беру жолымен немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен ұсынылған құжат несінің келісімі болған жағдайда, цифрлық құжаттарды іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен алады. порталға:

1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінші.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметті бастау туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

«Ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)» мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 367 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6321 тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және одан үзінді-көшірмелер беру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 22-тармағында көрсетілген бірдейлендірілген ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіру үшін:

1) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіруді (түзетуді) жүргізуге арналған өтініш;

2) дереккорда ауыл шаруашылығы жануарларын иеленуші туралы мәліметтерді, сондай-ақ сәйкестендірілген ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіру үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың көшірмелері;

3) ауыл шаруашылығы жануарларына меншік құқығын немесе өзге де заттық құқықты растайтын құжаттардың көшірмелері, оларға мыналар жатады: азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, тапсыру актілері, бөлу баланстары, мүлікке мұрагерлік құқығы туралы құжаттар, сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының әрекеттері туралы хабарламасының көшірмелері қоса берілген атқару парағы орындау. Қағидалардың 23-тармағында көрсетілген мәліметтер базасында түзету үшін:

1) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дереккорда ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіруді (түзетуді) жүргізуге арналған өтініш;

2) ветеринариялық паспорттың көшірмесі.

Дереккорда Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген мәліметтерді түзету үшін:

Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дереккорда ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіруді (түзетуді) жүргізуге өтініш.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы алады. Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді. Дереккорда мәліметтерді өзектендіру (түзету) қажеттілігі сот тәртібімен анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші мәліметтерді сот шешімі негізінде өзектендіруді жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.gov.kz «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімі. Мемлекеттік қызметтер мәселелері жөніндегі бірінші байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Сурақтар туындаған жағдайда 8-716-51-30-056 телефоны бойынша хабарласуыңызды сұраймыз.

Ө. ТӨКЕНОВ,

Целиноград ауданының Ветеринариялық станциясының басшысы.

"ЖЕР УЧАСКЕСІНІҢ НЫСАНАЛЫ МАҚСАТЫН ӨЗГЕРТУГЕ ШЕШІМ БЕРУ" МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Мемлекеттік қызметті жер учаскесінің облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері төмендегі арналар арқылы көрсетеді:

1. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы;
2. электрондық үкіметтің веб-порталы – egov.kz.

Қажетті құжаттар

* белгіленген нысан бойынша жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы өтініш; **egov.kz** электрондық үкімет веб-порталы арқылы өтініш берген кезде өтініш автоматты түрде қалыптастырылады.

Елді мекен шегінде орналасқан жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы оң қорытынды болған жағдайда, бір жұмыс күні ішінде:

* бюджет кірісіне жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнына тең соманы немесе кадастрлық (бағалау) құны арасындағы айырманы төлеу қажет болған жағдайда, жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны туралы актінің көшірмесі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері

* елді мекен шегінде орналасқан жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту кезінде – **8 (сегіз) жұмыс күніне дейін.**

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі

Қызмет көрсетушінің немесе ұсынылған нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешімі және (жер учаскесін сатып алу жағдайында) жер учаскесін сатып алу-сату шарты немесе уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) ақылы (ақысыз) жер пайдалану (жалдау) шарты қоса беріледі, не болмаса мемлекеттік қызмет көрсетуден **уәжді бас тарту ұсынылады.**

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері

* өтініш беруші ұсынған құжаттардың немесе олардағы мәліметтердің анық еместігін анықтау;

* өтініш берушінің немесе ұсынылған деректер мен мәліметтердің мемлекеттік қызмет көрсету талаптарына сәйкес келмеуі;

* мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажет келісім беру бойынша келісуші органдардың теріс жауабы;

* мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін шектеулі қолжетімді дербес деректерге қол жеткізуге өтініш берушінің келісімінің болмауы.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдерге, әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану тәртібі

13. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша қызмет көрсетушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым қызмет көрсетушінің басшысының атына немесе мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабына сәйкес шағым түскен жағдайда, қызмет көрсетуші оны алған күннен бастап **3 (үш) жұмыс күні ішінде** шағымды қарайтын органға жолдайды. Егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы акт қабылданса немесе әкімшілік әрекет жасалса, шағым жолданбайды.

14. «Заңның» 25-бабына сәйкес қызмет алушының шағымы:

* қызмет көрсетушіде – тіркелген күннен бастап **5 (бес) жұмыс күні ішінде;**

* мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органда – тіркелген күннен бастап **15 (он бес) жұмыс күні ішінде** қаралады.

Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес шағымды қарау мерзімі 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге мынадай жағдайларда ұзартылуы мүмкін:

1. шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу, оның ішінде жеріне барып тексеру қажет болғанда;

2. қосымша ақпарат алу қажет болғанда.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарауға уәкілетті лауазымды тұлға мерзімді ұзарту сәтінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қызмет алушыға ұзарту себебін көрсете отырып, жазбаша түрде (қағаз нұсқада берілген жағдайда) немесе электрондық түрде (электрондық түрде берілген жағдайда) хабарлайды.

15. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа жүгіну сотқа дейінгі тәртіппен шағымданудан кейін жүзеге асырылады.

Қызылсуат ауылдық округі әкімінің аппараты.

Хабарланыру

«Воздвиженка-Максимовка-фарфор зауыты» ӘЖ-35 кВ құрылысы үшін орман қоры жерлерінің санатынан басқа санаттағы жерлерге ауыстыру мәселесі бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

1) бастамашы: «Ақмола Электржелілік Тарату Компаниясы»АҚ

2) объектінің атауы: «Воздвиженка-Максимовка-фарфор зауыты»ӘЖ-35 кВ құрылысы;

3) қоғамдық тыңдауларды өткізу мерзімі 08.01.2026 жылдан бастап жиырма жұмыс күні ішінде

4) ақпараттық жүйеге сілтеме <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>

«Коктау-РР» ЖШС 06.02.2026 жылы сағат 11:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Софиевка а. о., Софиевка а., Орталық көшесі, 5 мекенжайы бойынша «Целиноград қаласындағы Миновка-2 кен орнында қиыршық тасты топырақ өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына рұқсат беру құжаттамасы» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды Ақмола облысының ауданында.

Бастамашысы: «Көктау-РР» ЖШС, БСН 240540008120, мекенжайы: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ш. Уәлиханов көшесі, 28/4 үй. Жетекшісі Е. С. Жақыпов

Әзірлеуші: «Қазтехпроект «ҒЗЖИ» ЖШС, мекенжайы 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 46 ғимарат, н.п. 8, БСН 031140000625, Тел: 8(7172) 78 88 33.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен» Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі «ақпараттық жүйесінде танысуға болады ndbecology.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде, сондай-ақ «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» жергілікті атқарушы органының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады ndbecology.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде немесе электрондық поштаға borohova2014@mail.ru қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады borohova2014@mail.ru және 8-778-741-91-51 телефоны бойынша.

Географиялық координаттары: 51°24'21,2// с.е., 71°49'00,0// ш.б.

«Precious Stones Group» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 28 қаңтарда 15

сағ. 00 минутта Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр а.о., Қызылжар ауылы, Бейбітшілік көшесі, 19а, мектеп ғимарат мекенжайында Ақмола облысындағы Ақмолинское-3 кен орнында шөгінді таужыныстарды (экстас) өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына Ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru> сайтының «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі <https://us06web.zoom.us/j/9349720393?pwd=bXN0YVkw0pyQkQxbFdvMnIwT0lmdz09>

Конференция идентификаторы: 934 972 0393. Қолжеткізу коды: 4rtj3.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекенжайлар мен телефондар арқылы алуға болады: sema-200992@mail.ru және +77773177502.

Көзделіп отырған қызметтің операторы: «Precious Stones Group» ЖШС, БСН 150540008924,

Генерал Сабыр Рақымов көшесі, 22-үй, 82-пәтер.Тел. +7(702)-999-09-32.

Жобаны әзірлеуші: «ЕСО project of city» ЖШС, Павлодар қаласы, Гагарин к-сі 76/61, тел: 87773177502. Эл.мекенжай: sema-200992@mail.ru.

Әсер ету аймағы: АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, Целиноград ауданы

Кен орнының географиялық координаттары:

Учаскенің координаттары: 1 Нүкте. СЕ. 50. 52. 55.42. ШБ. 71. 32. 40.89.; 2 Нүкте. СЕ. 50. 52. 55.01. ШБ. 71. 32. 47.17. 3 Нүкте. СЕ. 50. 52. 47.55. ШБ. 71. 32. 43.79. 4 Нүкте. СЕ. 50. 52. 45.09. ШБ. 71. 32. 52.71. 5 Нүкте. СЕ. 50. 52. 43.21. ШБ. 71. 32. 52.35. 6 Нүкте. СЕ. 50. 52. 43.95. ШБ. 71. 32. 39.25.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары:

1 Нүкте. СЕ. 50. 52. 55.42. ШБ. 71. 32. 40.89.; 2 Нүкте. СЕ. 50. 52. 55.01. ШБ. 71. 32. 47.17. 3 Нүкте. СЕ. 50. 52. 47.55. ШБ. 71. 32. 43.79. 4 Нүкте. СЕ. 50. 52. 45.09. ШБ. 71. 32. 52.71. 5 Нүкте. СЕ. 50. 52. 43.21. ШБ. 71. 32. 52.35. 6 Нүкте. СЕ. 50. 52. 43.95. ШБ. 71. 32. 39.25.

Айдос Ашубасарұлы МЫРЗАГЕЛДИЕВ

Ағымдағы жылдың 20 желтоқсаны күні Айдос Ашубасарұлы МЫРЗАГЕЛДИЕВ дүние салды



Фәниден бақиға аттанған болмысы бөлек, ұстанымы берік әріптесіміздің әлі де халқына берер пайдасы мол еді. Орны толмас өкініш өзегімізді өртеп, асыл азаматтан қапыда айырылып қалдық.

1956 жылы наурыз айында Қорғалжын ауданында дүниеге келген Мырзагелдиев Айдос Ашубасарұлы мемлекеттік қызмет саласында мол тәжірибесі бар, жауапкершілігі жоғары, беделді басшы болған азамат еді.

Адал еңбегімен танылып, өңіріміздің дамуына өзіндік үлесін қосқан білімді маман, білікті мемлекеттік қызметші болды. Осы салада жинақтаған мол тәжірибесін ізін басқан жас мамандармен әрдайым бөлісуге, бағыт-бағдар беруге даяр тәлімгер ретінде қалыптасты. Мемлекеттік саладағы мінсіз қызметі үшін аудан, облыс басшылығы тарапынан сан мәрте марапат пен алғыс хаттарға ие болды.

Алғашқы еңбек жолын 1980 жылы бастап, 44 жылдық еңбек өтілі барысында ветеринария саласында және жергілікті атқарушы органдарда түрлі жауапты қызметтерді абыроймен атқарды.

Айдос Ашубасарұлы 2015–2019 жылдар аралығында ауданымызға қарасты Қабанбай батыр ауылдық округінің әкімі қызметін атқарған.

Аталған кезеңде округтің әлеуметтік-экономикалық дамуына, инфрақұрылымын жақсартуға, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған бірқатар маңызды жұмыстар жүзеге асырылды.

Елді мекендерді абаттандыру, әлеуметтік нысандардың жұмысын

жақсарту, тұрғындармен кері байланысты нығайту мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Әріптестері мен тұрғындар арасында үлкен сый-құрметке ие болды.

2022 жылы Целиноград аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып сайланып, ардагерлердің мүддесін қорғау мен қоғамдық келісімді нығайтуға елеулі үлес қосты.

Ұзақ жылғы адал еңбегі үшін Қазақстан Республикасының мерейтойлық медальдарымен марапатталған, Целиноград ауданының Құрметті азаматы.

Өмірлік жолында адал еңбек етіп, абыроймен тер төгіп, оң істерінің жемісін қалдырған ардақты азаматтың жарқын бейнесі әрдайым жадымызда.

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз.

Целиноград ауданының әкімі, әкімнің аппараты, дербес бөлімдердің жетекшілері, ауылдық округ әкімдері мен аудандық "Есіл-Нұра", "Вестник Ақмола" редакциясының ұжымы.

ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ ЖАДЫМЫЗДА

Біреуге аяулы ана, біреуге асыл жар, қадірменді әже, қимас дос болған, ұлағатты ұстаз Рәйлә Шәріпқызы МАЛҒАЗДАРОВА дүниеден өтті



Талапкер ауылына келін боп түскен күннен құрметті зейнет демалысына шыққанша осы ауылдағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, кейіннен 1996-2004 жылдары директор қызметін атқарып, үлкен әрі ұйымшыл ұжымға басшылық етті. Еселі еңбегі үшін «Қазақстан Оқу ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталды.

Қай жерде жүрсе де еліне елеулі, халқына қалаулы, туыс-туған, әріптестеріне сыйлы болды.

Рәйлә Шәріпқызының жарқын бейнесі, өнегелі ісі, онымен бірге еңбек еткен жандардың, ауылдастарының жүрегінде мәңгі сақталады.

Марқұмның отбасына, туған-туысқандары мен балаларына қайғырып көңіл айтамыз. Жаны жанаттан болып, пейіште нұры шалқығай.

Талапкер ауылының жалпы орта білім беретін мектеп ұжымы.

■ ТЖБ ескертеді

ПИРОТЕХНИКАЛЫҚ БҰЙЫМДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Пиротехникалық бұйымдар (фейерверктер, салюттер, петардалар, бенгаль оттары) мерекелер мен жаппай іс-шаралар кезінде кеңінен қолданылады. Алайда оларды дұрыс пайдаланбау адам өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төндіреді.

Пиротехниканың негізгі қауіптері

- * тері мен көздің күйіп қалуы;
- * қол мен бет жаракаттары;
- киімнің, ғимараттардың, автокөліктердің тұтануы;
- * өрт пен жарылыстар;
- * қатты дыбыстардың есту қабілетіне зиян келтіруі.

Қауіпсіз пайдалану ережелері

1. Пиротехникалық бұйымдарды тек ресми дүкендерден сатып алынған, сертификатталған түрлерін ғана қолданыңыз.
2. Қолданар алдында өндірушінің нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз.
3. Пиротехниканы тек ашық алаңдарда, ғимараттардан, ағаштардан, электр желілерінен және автокөліктерден алыс жерде іске қосыңыз.
4. Жерге орнатуға арналған бұйымдарды қолыңызда ұстамаңыз.
5. Жанған фитильге ешқашан еңкеймеңіз.
6. Алкогольдік немесе есірткілік мас күйде пиротехниканы пайдалануға болмайды.
7. Пиротехникалық бұйымдарды балаларға беруге қатаң тыйым салынады.
8. Бұйым іске қосылмай қалған жағдайда, оған кемінде 5–10 минут жақындамаңыз.

Жазатайым жағдай кезіндегі әрекеттер
*Күйік алған жағдайда зақымданған жерді дереу ағын сумен салқындатыңыз.

*Ауыр жарақат немесе өрт болған кезде шұғыл қызметтерге хабарласыңыз.

*Қатты зақым алған кезде өз бетіңізше емделмеңіз.

Қорытынды

Пиротехникалық бұйымдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау жарақаттар мен қайғылы жағдайлардың алдын алады. Есіңізде болсын: мерекелік көңіл-күй адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін тиіс. Қажет болған жағдайда 101 немесе 112 нөмірлеріне қоңырау шалыңыз.

А. ЖИЕНГАРИНА,
ТЖБ бас инженері, аға лейтенант.



Январь/Қаңтар

Пн/Дс	Вт/Сс	Ср/Ср	Чт/Бс	Пт/Жм	Сб/Сн	Вс/Жс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

Февраль/Ақпан

Пн/Дс	Вт/Сс	Ср/Ср	Чт/Бс	Пт/Жм	Сб/Сн	Вс/Жс
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	

Март/Наурыз

Пн/Дс	Вт/Сс	Ср/Ср	Чт/Бс	Пт/Жм	Сб/Сн	Вс/Жс
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30	31					

Апрель/Сәуір

Пн/Дс	Вт/Сс	Ср/Ср	Чт/Бс	Пт/Жм	Сб/Сн	Вс/Жс
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30			

Май/Мамыр

Пн/Дс	Вт/Сс	Ср/Ср	Чт/Бс	Пт/Жм	Сб/Сн	Вс/Жс
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

Июнь/Маусым

Пн/Дс	Вт/Сс	Ср/Ср	Чт/Бс	Пт/Жм	Сб/Сн	Вс/Жс
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30					



Мемлекеттік мерекелер:

Жаңа жыл – 1-2 қаңтар;
Халықаралық әйелдер күні – 8 наурыз;
Наурыз мейрамы – 21-23 наурыз;
Қазақстан халқының бірлігі күні – 1 мамыр;
Отан қорғаушылар күні – 7 мамыр;
Жеңіс күні – 9 мамыр;
Астана күні – 6 шілде;
Қазақстан Республикасының Конституциясы күні – 30 тамыз;
Республика күні – 25 қазан;
Тәуелсіздік күні – 16 желтоқсан.
Екі діни мереке:
Рождество – 7 қаңтар;
Құрбан айттың бірінші күні – 2026 жылы 27 мамырға түседі.



Июль/Шілде

Пн/Дс	Вт/Сс	Ср/Ср	Чт/Бс	Пт/Жм	Сб/Сн	Вс/Жс
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

Август/Тамыз

Пн/Дс	Вт/Сс	Ср/Ср	Чт/Бс	Пт/Жм	Сб/Сн	Вс/Жс
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30
31						

Сентябрь/Қыркүйек

Пн/Дс	Вт/Сс	Ср/Ср	Чт/Бс	Пт/Жм	Сб/Сн	Вс/Жс
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30				

Октябрь/Қазан

Пн/Дс	Вт/Сс	Ср/Ср	Чт/Бс	Пт/Жм	Сб/Сн	Вс/Жс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

Ноябрь/Қараша

Пн/Дс	Вт/Сс	Ср/Ср	Чт/Бс	Пт/Жм	Сб/Сн	Вс/Жс
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30						

Декабрь/Желтоқсан

Пн/Дс	Вт/Сс	Ср/Ср	Чт/Бс	Пт/Жм	Сб/Сн	Вс/Жс
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30	31			

ЕРКІНДІК ПЕН ЖАҢҒЫРУ УАҚЫТЫ

2026 – Жылқы жылы. Ол – қозғалыс пен даму, тәуелсіздік пен табандылық символы. Шығыс күнтізбесінде оның қандай мағына беретініне тоқталып өтейік.

«2026 – Жылқы жылы»: Шығыс күнтізбесінде оның қандай мағына беретіні белгілі болды Шығыс күнтізбесі бойынша 2026 жыл – қызыл отты Жылқы жылы.

Ол 2026 жылдың 17 ақпанында басталып, 2027 жылдың 5 ақпанына дейін жалғасады. Бұл кезең – қуатты энергияның, батыл әрекеттердің, ішкі еркіндік пен күрт өзгерістердің жылы ретінде сипатталады.

Жылқы – шығыс жұлдызнамасындағы 12 жануардың жетіншісі. Ол – қозғалыс пен даму, тәуелсіздік пен табандылық символы. Ал от стихиясы (қытайша ян-от) бұл белгінің табиғатын одан сайын күшейтіп, оған жігер, құмарлық, тез шешім қабылдау мен шығармашылық серпін береді. Осы екі элементтің бірігуі 2026 жылды ерекше мазмұнды әрі эмоционалды етеді.

Қытай астрологиясында Жылқы жылы әр 12 жыл сайын қайталанады.

Бұған дейінгі жылдар: 1930, 1942, 1954, 1966 (соңғы қызыл отты Жылқы жылы), 1978, 1990, 2002, 2014. 2026 жыл – осы циклдегі келесі қызыл отты Жылқы жылы. Алдағы Жылқы жылы 2038 жылы болады, бірақ ол басқа элементпен байланысты.

Қызыл отты Жылқы жылы көбіне бастамалар мен өзгерістердің кезеңі ретінде қарастырылады. Бұл уақытта кәсіби саланы өзгерту, жаңа жобалар бастау, көшбасшылық қасиеттерді дамыту үшін қолайлы жағдай қалыптасады. Адамдар дербес шешімдерге көбірек барады, жеке еркіндікке ұмтылады, тәуекелден қорықпайды.

Бірақ жыл эмоциялық тұрғыдан күрделі болуы мүмкін. Шабыт пен қуаттың артуы қатар жүріп, күйзеліске

бейімділікті де күшейтеді. Сол себепті ішкі тепе-теңдікті сақтау, артық күш түсірмеу, сезімге берілмеу маңызды. Мамандар бұл жылы оқу, біліктілікті арттыру, тіл меңгеру, жаңа дағдылар игеру үшін өте қолайлы уақыт деп есептейді. Жылқы қозғалысты білдіретіндіктен, саяхаттар мен орта ауыстыру да оң әсерін тигізуі мүмкін.

Жалпы алғанда, 2026 жыл – белсенділік, еркіндік және жаңғыру уақыты.

Ол шешімді әрекет етуге итермелейді, бірақ табысты болу үшін эмоцияны басқару мен ішкі тәртіпті сақтау қажет.

Жылқы жылы жайлы бола ма?

«Келесі жылқы жылы молшылық, береке күтеміз. Негізі әр жылдың өзіне тән қасиеті бар. Жылан мен қой жылының ортасында тұрған жылқы жылында екі жылдың да кейбір сипаты болады. Жылқы - жасырын күш, тарпан, динамика. Көшпенділерді әлем мәдениетіне алып шыққан жануар. Аз уақытта көп жер жүретін, ат жалындағы мәдениет. Жылқы қазақ жерінде, Солтүстік Қазақстандағы Ботай жерінде пайда болды деген жазбалар бар.

Жылқының адам қолына үйренуі 13 ғасыр бұрын басталған делінген. Жүздеген мыңнан астам жылқы сүйегінің табылуының өзі үлкен айғақ», - дейді белгілі этнограф Бабақұмар Хинаят.

Мына бір қызықты қараңыз, жылқы ақылы, өрісі жағынан жануарлардың ішінде иттің алдында, бесінші орында тұрады екен. Ол адамның мінезін, іс-әрекетін саралай алады. Егер иесі өзіне ұнаса, оған қызмет етіп, адал болады.

Жылқы қазақ халқының өмірінен, мәдениетінен еш алыстатуға келмейтін жануар. Біздің ұлттық

спорттық ойындарымыз да тікелей осы жануармен байланысты. Асауды бағындырған жігітті ер деп мақтаса, шашасына су жұкпаған тұлпар шапқызған жігіттің мәртебесі жоғары болған.

Әзірлеген Т. САНСЫЗБАЙҰЛЫ.



Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ

Меншік иесі:
 «Перне» ЖШС
 (Ақмола облысы
 Целиноград ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
 «Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
 Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігі және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күәлігін 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
 Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 251
 .Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға - берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

